

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N 446 Заны.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласында туындайтын қатынастарды реттейді және оны жүргізудің құқықтық, қаржылық және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алып тасталды - ҚР 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен;

2) анықтық факторы – сақтандыру бойынша бірыңғай дерекқордың пайдаланылатын деректеріне сенімділік дәрежесін сипаттайтын, түзету коэффициенттерін есептеу үшін қажетті коэффициент;

2-1) "бонус-малус" жүйесі – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу кезінде тиісті сыныпты бере отырып, сақтанушының (сақтандырылуышының) кінәсінен онда сақтандыру жағдайларының болуына немесе болмауына қарай сақтанушыға (сақтандырылуышыға) арттыратын немесе төмендететін коэффициенттерді қолдану арқылы пайдаланылатын жеңілдіктер мен ұстемеақылар жүйесі;

3) жәбірленуші – көлік құралын пайдалану салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген адам;

4) жолаушы – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша нысанда тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;

5) кешенді шарт – сақтандыру полисінде көрсетілген екі және одан да көп көлік құралы бірлігінің иесі болып табылатын жеке тұлғамен жасалатын және бір ғана сақтандырылуши жеке тұлғаға қатысты қолданылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;

6) көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – жеке және заңды тұлғалардың жоғары қауіптілік көзі ретіндегі көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өтеу міндеті;

7) көлік құралын пайдалану – көлік құралдарын жолмен жүру, сондай-ақ жайластырылып немесе ыңғайластырылып оларға іргелес салынған және көлік құралдарының қозғалысына пайдаланылатын аумақтарда жүру үшін пайдалану;

8) көлік құралының иесі – көлік құралын меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен не кез келген басқа да заңды негізде (мүліктік жалдау шартымен, құзыретті органның көлік құралын беру туралы өкіміне орай және басқаша) иеленетін жеке немесе заңды тұлға;

9) көлік оқиғасы – көлік құралын пайдалану процесінде және оның қатысуынан туындаған оқиға (оның ішінде жол-көлік оқиғасы), сондай-ақ көлік құралынан ажырап кеткен бөлшектер мен ондағы жүктің қозғалысы нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиян;

9-1) көлік оқиғасын оңайлатылған ресімдеу – көлік оқиғасы туралы құжаттарды ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатысуынсыз осы Заңда белгіленген тәртіппен және шарттарда ресімдеу;

10) пайда алушы – осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

11) сақтандыру жағдайы – басталуына орай сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

11-1) сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі – көлік оқиғасын оңайлатылған ресімдеу кезінде осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және шарттарда сақтандыру жағдайын реттеу;

11-2) сақтандыру омбудсманы – "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

12) сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

13) сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушы сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жасауға міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

14) сақтандыру төлемі – сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

15) сақтандырушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті заңды тұлға;

16) сақтандырылушы – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

17) сақтанушы – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылуши болып табылады;

18) стандартты шарт – сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралының иесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлғамен жасалатын және бір немесе бірнеше сақтандырылуши тұлғаға қатысты қолданылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты;

18-1) таргеттелетін шығындылық – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру бойынша шығындылықтың нысаналы көрсеткішін сипаттайтын, түзету коэффициенттерін есептеу үшін пайдаланылатын коэффициент;

19) тікелей реттеу – көлік оқиғасында жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды жәбірленушімен көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушы осы Заңда көзделген жауапкершілік көлемі шегінде өтеуді жүзеге асыратын сақтандыру жағдайын реттеу тетігі.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 № 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Осы Заңның сақтандырушыға, оның ішінде сақтандыру үйымына қатысты қолданылатын ережелері Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру үйымдарының филиалдарына қолданылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-бап. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандырудың объектісі

Сақтандырылуши тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген, жоғары қауіптілік көзі ретіндегі көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндettіне байланысты мүліктік мұддесі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру (бұдан әрі - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру) объектісі болып табылады.

4-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандырудың мақсаты және негізгі принциптері

1. Көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген үшінші тұлғалардың мүліктік мұдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандырудың мақсаты болып табылады.

2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандырудың негізгі принциптері:

жәбірленушілердің мүліктік мұдделерін осы Занда белгіленген көлемде және тәртіппен қорғауды қамтамасыз ету;

көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын көлік құралының иесі жасасқан кезде көлік құралын пайдалану;

тараптардың көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша өз міндettемелерін орындауды қамтамасыз ету;

көлік құралдары иелерінің жол жүрісі қауіпсіздігін арттырудың экономикалық мұдделелілігі болып табылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

5-бап. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндettі сақтандырылуға жататын тұлғалар

1. Мынадай көлік құралдары:

1) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде тіркелген (мемлекеттік тіркеуге жататын) жеңіл, жук автомобилдері, автобустар, шағын автобустар және олардың негізінде жасалған көлік құралдары, мотокөлік пен олардың тіркемелері (жартылай тіркемелері), сондай-ақ трамвайлар мен троллейбустар;

2) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша енген (әкелінген) көлік құралы;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген, жасаушы ұйымдардан, жөндеу және сауда ұйымдарынан, кедендей бақылау органдарынан тіркеу орнына өз бетінше жүргізіліп әкелінетін, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету

жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесі көлік иесінің тұрғылықты жерінің өзгеруіне немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты тіркеуден шығарған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатады.

2. Көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі өзі пайдаланатын көлік құралының әр бірлігі бойынша сақтандырылуға жатады.

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасасу көлік құралының иесін көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттен босатпайды.

3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты, басқа мемлекетте тіркелген, иесі осы мемлекет пен Қазақстан Республикасының арасында жасалған халықаралық шарттың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасында танылатын көлік құралдары иелері жауапкершілігінің сақтандыру шартын жасаған көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына енген жағдайда жасалмайды.

4. Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық қозғалыста деп есептелетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде мемлекеттік тіркеуге және есепке алуға жатпайтын (трамвайлар мен троллейбустарды қоспағанда) көлік құралдарының иелері көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспайды.

5. Өзінің қызметтік немесе еңбек міндеттерін атқаруына орай, оның ішінде көлік құралының иесімен еңбек немесе өзге де шарт жасасу негізінде не мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей, көлік құралы иесінің ерік білдіруі негізінде оның қатысуымен көлік құралын жүргізуші адамның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатпайды.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

2-тaraу. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету

6-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау

1. Сақтандыру үйымдарының қызметтік бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.

2. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері көлік құралдарын тіркеу және жол жүрісі қағидаларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын бақылау саласындағы өзінің өзге де өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде көлік құралдары иелерінің осы Заңда белгіленген көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндетін орындауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

3. Көлік құралдары иелерінің осы Заңда белгіленген көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерді орындауды мемлекеттік бақылауды Еуразиялық экономикалық одактың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.02.20 № 128 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.11 № 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 06.01.2010 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.06.30 № 297-IV (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.24 № 399-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 № 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспай көлік құралын пайдалануға жол бермеу

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалмаған жағдайда, көлік құралын пайдалануға жол берілмейді.

2. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері және көліктік бақылау органдары құжаттарды тексеру кезінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерді көлік құралдары иелерінің орындаудын тексеруге міндетті.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Сақтандыру ұйымы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алғанға дейін "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңында

айқындалған тәртіппен Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен қатысу шартын, міндегі сақтандырудың көрсетілген түрі бойынша лицензия алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде осы шартты жасасатын жаңадан құрылатын сақтандыру үйимын қоспағанда, жасасуға міндегі.

2. Бәсекелестікті шектеуге немесе болғызбауға, бір сақтандырушылардың екінші сақтандырушыларға көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндегі сақтандыру шарттарын жасасу бойынша негізсіз артықшылықтарды беруіне немесе алудына, сақтанушылардың құқықтары мен занды мұдделеріне нұқсан келтіруге бағытталған қызметке жол берілмейді.

3. Көлік құралдарының иелері басқа мемлекеттердің сақтандырушыларымен көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шарттарын, оның ішінде электрондық нысанда жасасуға құқылы, бұл жағдайда осы сақтандыру көлік құралдарының иелерін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде ғана сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 25.11.2019 № 272-VI (02.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-1-бап. Деректер базасы

Ескерту. 8-1-бап алып тасталды - ҚР 2010.07.15 № 338-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-2-бап. Деректер базасын қалыптастыру үшін ұсынылатын ақпарат берілетін ақпарат және оны табыс ету мерзімі

Ескерту. 8-2-бап алып тасталды - ҚР 2010.07.15 № 338-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-3-бап. Ақпарат беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттың міндегі талаптары

Ескерту. 8-3-бап алып тасталды - ҚР 2010.07.15 № 338-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Ақпараттық өзара іс-құмыл

1. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары көлік оқиғасына қатысушыларға не олардың өкілдеріне, сондай-ақ сұрау салуы бойынша сақтандыру үйимдарына, сақтандыру омбудсманына сақтандыру жағдайының, сондай-ақ көлік оқиғасы орнынан жасырынған адам жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтірген жағдайдың белгілері бар оқиғаның басталу фактісін растайтын құжаттардың бір-бір данасын, оның ішінде жол оқиғасының схемасымен қоса, жол жүрісі қағидаларының бұзылуы туралы хаттаманың көшірмесін береді.

2. Көлік оқиғасы және оның салдары туралы ақпарат қолында бар ішкі істер органдары, прокуратура органдары, соттар, денсаулық сақтау үйимдары, өзге де

мемлекеттік органдар мен ұйымдар осы ақпаратты сақтандырушыға, сақтандыру омбудсманына және Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына олар өтініш жасаған кезде беруге міндетті.

3. Сақтанушының (сақтандырылушиның), жәбірленушінің немесе олардың мұрагерлерінің көлік оқиғасының басталғаны туралы хабарлауға мүмкіндігі болмаған кезде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері тиісті сақтандырушыға осы көлік оқиғасы туралы хабар беруді жүзеге асырады.

4. Ақпараттық өзара іс-қимылдың осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында көрсетілген түрлері сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқор арқылы электрондық ақпараттық ресурстар алмасу жолымен жүзеге асырылады.

5. Көлік оқиғасы салдарынан жәбірленушінің өміріне зиян келтіру жағдайлары туралы ақпарат алу мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган мен дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жүзеге асырылады.

Пайда алушыны айқындау және өтініш берушінің қайтыс болған адаммен туыстық қатынастарын растайтын мәліметтерге қолжетімділік беру мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осындағы ақпараты бар базаны иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын іске асыратын мемлекеттік органның дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен ақпараттық өзара іс-қимылы жүзеге асырылады.

Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген ақпаратты осы көлік оқиғасына қатысушымен көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыға жібереді.

6. Кеден ісі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау және күзету саласындағы уәкілетті органдар және өзге де мемлекеттік органдар дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген (әкелінген) көлік құралдары туралы мәліметтерді ақпарат алмасу жүйесі арқылы ұсынады.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тaraу. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты

10-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты және оны жасасу тәртібі

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру осы Занға сәйкес сақтанушы мен сақтандырушының арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартында мүліктің тауарлық құнының жоғалтылуын, сондай-ақ жәбірленушінің тауарларды жеткізуіндің немесе жұмыстарды жүргізуіндің (қызметтер көрсетудің) мерзімдерін, оның келісім-шарттар (шарттар) бойынша өзге де міндettемелерді бұзыуна байланысты тұрақсыздық айыбын өтеуді қоса алғанда, жәбірленушінің моральдық зиянын және ала алмаған пайдасын өтеуді есептемегендеге, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындаған міндettемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты міндettі сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуға тиіс.

Сақтанушы сақтандырушыны таңдауға ерікті.

Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушы сақтанушыға көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндettенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға осы Занда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндettенеді.

4. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарттары мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) стандартты;
- 2) кешенді.

5. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандыру сыйлықақысын есептеу және сақтанушыны, сақтандырушыны сәйкестендіру үшін қажетті деректерді қамтитын сақтанушының өтініші негіз болып табылады.

5-1. Сақтанушының қалауы бойынша көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты сақтандырушыға жүгіну не сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

5-2. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде тіркелген (мемлекеттік тіркелуге жататын) көлік құралдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық қозғалыста жоқ көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасуға жол берілмейді.

ҚР Конституциялық Сотының 03.12.2024 № 54-НҚ нормативтік қаулысымен осы Заңының 10-бабының 5-2-тармағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылды.

6. Сақтандыру полисінде, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында тізіп көрсетілген талаптардан басқа, сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшері және шарттың түрі көрсетілуге тиіс.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің мазмұны мен ресімделуі жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленеді.

6-1. Сақтандыру полисіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

7. Алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8. Егер сақтандырушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын сақтанушының (сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің жағдайын осы Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасасса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушының (сақтандырылушының) және жәбірленушінің алдында осы Заңда белгіленген талаптар бойынша міндettемелер атқарады.

9. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді жеке тұлға біржолғы төлеммен жүргізеді.

10. Алып тасталды – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескеरту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.02.20 № 128 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.24 № 399-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 499-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа

енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

11-бап. Стандартты шарт

1. Стандартты шарт бойынша бір немесе бірнеше көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін.
2. Стандартты шарт пайдаланылатын көлік құралының әрбір бірлігіне жасалады.
3. Сақтандыру полисінде сақтанушы (сақтандырылуышы, сақтандырылуышылар) және пайдаланылатын көлік құралы турагы мәліметтер болуға тиіс.
4. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.
5. Стандартты шарт бойынша сақтанушының (сақтандырылуышының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтанушының (сақтандырылуышының) өзінің үшінші тұлғаларға зиян келтіруі салдарынан не:
 - 1) көлік құралын оны жүргізуге құқылы адам сақтанушының (сақтандырылуышының) қатысуымен жүргізген;
 - 2) адам көлік құралын сақтанушымен (сақтандырушымен) жазбаша нысанда ресімделген еңбек шарты немесе өзге де шарт негізінде жүргізген;
 - 3) көлік құралын заңсыз иеленген адам, егер келтірілген зиян үшін жауапкершілік сақтанушыға (сақтандырылуышыға) жүктелсе, көлік құралын жүргізген жағдайда туындаса, сақтандырылған деп есептелінеді.
6. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

12-бап. Кешенді шарт

1. Кешенді шарт бойынша екі және одан да көп көлік құралы бірлігінің иесі болып табылатын жеке тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін
2. Кешенді шарт барлық пайдаланылатын көлік құралдарына жасалады.
3. Сақтандыру полисінде сақтанушы (сақтандырылуышы) - жеке тұлға және ол пайдаланатын көлік құралдары турагы мәліметтер болуға тиіс.
4. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.
5. Кешенді шарт бойынша сақтанушының (сақтандырылуышының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтанушының (сақтандырылуышының) өзінің үшінші тұлғаларға зиян келтіруі салдарынан не:

1) көлік құралын оны жүргізуге құқылы адам сақтануышының (сақтандырылуышының) қатысуымен жүргізген;

2) көлік құралын занға қайшы иеленген адам, егер келтірілген зиян үшін жауапкершілік сақтануышыға (сақтандырылуышыға) жүктелсе, көлік құралын жүргізген жағдайда туындаса, сақтандырылған деп есептелінеді.

6. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-1-бап. Электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу және сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде сақтандырушыға және интернет-ресурстарға қойылатын талаптар

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу және олар бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым, сақтандырушы мен сақтанушы (сақтандырылуши, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу үшін сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі пайдаланылады.

Электрондық нысанда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін өтініш беру және көлік оқиғасының жасалғаны туралы хабардар ету, келтірілген зиянның мөлшерін айқындау, мұндай шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін өтініш беру кезінде сақтанушыдан (сақтандырылушидан, пайда алушыдан) мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.

Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында электрондық нысанда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу және сақтандыру жағдайларын реттеу үшін пайдаланылатын сақтандыру ұйымының интернет-ресурсына сілтеме орналастырылады.

2. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен сақтандырушы, сақтандырушы мен сақтанушы (сақтандырылуши, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

3. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде сақтандырушы:

1) сақтанушыға көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы хабарламаны электрондық хабар түрінде дереу жөнелтуді;

2) реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды (бас тарту себептерін көрсете отырып) қоса алғанда, сақтандыру жағдайын реттеу процесінің негізгі кезеңдері туралы сақтанушыны (сақтандырылушины) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен электрондық хабар түрінде хабардар етуді;

3) сақтанушының (сақтандырылушиның) жасалған көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша ақпаратты сақтандыру ұйымының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігін;

4) сақтанушының (сақтандырылушиның, пайда алушының) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы жөніндегі ақпаратты сақтандыру ұйымының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігін;

5) сақтанушы (сақтандырылуши, пайда алушы) үшін сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, электрондық нысанда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартының және ол бойынша сақтандыру жағдайы жөніндегі ақпараттың сақталуын;

6) сақтанушыға (сақтандырылушиға, пайда алушыға):

көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу;

көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

сақтандыру жағдайының (көлік оқиғасының) басталғаны туралы хабардар ету;

келтірілген зиян мөлшерін айқындау;

сақтандыру төлемін алу;

осы Заңның 29-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындастын дауларды реттеу үшін қажетті электрондық нысандағы ақпаратты (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасау және сақтандырушыға жөнелту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндettі.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарлама дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарламалардың тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындауды.

4. Егер көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасасу кезінде сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтанушы – занды тұлға сақтандыру

сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда, бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап жасалды деп есептеледі.

5. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасасу кезінде сақтанушы осы Занда көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын төлейді, сол арқылы ол өзіне ұсынылған талаптармен қосылу шартын жасасуға өзінің келісетінін растайды.

6. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сақтандырушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.

7. Сақтандыру агенттерінің көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметтіне жол берілмейді.

Ескерту. 3-тaraу 12-1-баппен толықтырылды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

13-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартының қолданылуы

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты осы Занға сәйкес жабірленуші деп танылған, оның ішінде зиян келтіруге кінелі болып табылған сақтанушының (сақтандырылушиның) көлік құралында болған барлық адамдарға қатысты қолданылады, оған мыналар:

1) осы көлік құралын сақтанушымен (сақтандырылушимен) қызметтік немесе еңбек міндettterін атқаруға орай, оның ішінде көлік құралының иесімен еңбек немесе өзге де шарт негізінде не сақтанушының (сақтандырылушиның) ерік білдіруі негізінде, мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей, оның қатысуымен жүргізген адам;

2) егер сақтанушы (сақтандырылуши) тасымалдаушы болып табылса, оған Қазақстан Республикасы заң актісінің тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыруды регламенттейтін талабы қолданылса, жолаушылар;

3) егер Қазақстан Республикасының заң актілерімен сақтанушыға (сақтандырышуыға) жұмыс беруші ретінде қызметкердің еңбек (қызмет) міндettterін орындауды кезінде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру міндettі жүктелсе, сақтанушының (сақтандырылушиның) қызметкерлері кірмейді.

2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндettі болады.

3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасасылады.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты:

1) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы халықаралық қозғалыстағы көлік құралдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде;

2) жеке немесе заңды тұлғада көлік құралын иелену құқығы пайда болған кезде, бірақ осы көлік құралы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалуға тиіс.

4. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын осы баптың 3-тармағында көзделгеннен өзгеше мерзімге:

1) көлік құралын маусымдық, бірақ кемінде алты ай пайдаланған кезде;

2) алып тасталды – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда, көлік құралының мемлекеттік тіркелуінің алдындағы мерзімге, бірақ кемінде күнтізбелік бес күнге;

4) көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген жағдайда уақытша кірген бүкіл кезеңге, бірақ кемінде күнтізбелік бес күнге жасасуға жол беріледі.

5. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

6. Егер Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.02.20 № 128 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Көлік құралдары иелері жауапкершілігінің міндетті сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты:

1) шарттың қолданылу мерзімі біткен;

2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі.

3) алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде өз қолданысын тоқтатпайды.

Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, сақтандырушы бұл туралы бір жұмыс күні ішінде дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға хабарлайды.

Ескеरту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2006.02.20 № 128 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

15-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін сақтанушы (сақтанушы қайтыс болған жағдайда – оның мұрагері (мұрагерлері) сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.

3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату және осы сақтандырушымен жаңадан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушының мына формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бөлігін ұстап қалуға құқығы бар:

ССБ = СС*№ / №, мұнда:

ССБ - сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (тенгемен);

СС - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (тенгемен);

№ - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап өтініш берілген күнді қоса алғанда, оны мерзімінен бұрын тоқтатқан кезге дейінгі мерзім (күнмен);

№ - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының жасалған мерзімі (күнмен).

4. Осы баптың 3-тармағында көзделген талап сақталмаған кезде сақтандырушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерлерде ұстап қалуға құқығы бар:

P/c №	Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқан кезге дейін өткен мерзім (көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін
----------	--	---

	сақтандыру шарты жасалған мерзімнен пайызбен)	міндетті сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлыққысынан пайызбен)
1	2	3
1	4-ке дейін (4-ті қоспағанда)	15
2	4-тен 8-ге дейін (8-ді қоспағанда)	20
3	8-ден 17-ге дейін (17-ні қоспағанда)	30
4	17-ден 25-ке дейін (25-ті қоспағанда)	40
5	25-тен 33-ке дейін (33-ті қоспағанда)	50
6	33-тен 42-ге дейін (42-ні қоспағанда)	60
7	42-ден 50-ге дейін (50-ді қоспағанда)	70
8	50-ден 58-ге дейін (58-ді қоспағанда)	75
9	58-ден 67-ге дейін (67-ні қоспағанда)	80
10	67-ден 75-ке дейін (75-ті қоспағанда)	85
11	75-тен 83-ке дейін (83-ті қоспағанда)	90
12	83-тен 92-ге дейін (92-ні қоспағанда)	95
13	92 және одан жоғары	100

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

16-бап. Сақтанушының (сақтандырылуышының) құқықтары мен міндеттері

Ескерту. 16-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

1. Сақтанушы (сақтандырылуушы):

1) сақтандырушыдан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың талаптарын, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан дерекқорда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және ол бойынша сақтандыру жағдайы (көлік оқиғасы) туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы ақпаратты

сұратуға (сақтандыру жағдайы (көлік оқиғасы) бойынша мәліметтерді сұрату бөлігіндегі осы құқық пайда алушыға да қолданылады);

3) сақтандырушы жүргізген, келтірілген зиянның және сақтандырушы, оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы жүзеге асырған сақтандыру төлемінің мөлшерлерін айқындау нәтижелерімен танысуға;

4) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға (бұл құқық сақтанушыға ғана қолданылады);

5) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындастын мәселелерді реттеу үшін осы Заңның 29-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

6) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

7) сақтандыру төлемін осы Заңда көзделген жағдайларда алуға құқылы.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының (сақтандырылушкиның) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

2. Сақтанушы:

1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға өзі, сақтандыру полисіне енгізілетін әрбір сақтандырылушки, көлік құралы (құралдары), қосарланған сақтандыру, көлік құралын маусымдық пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келу және сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтуға берілген құқық туралы мәліметтерді және өтінішке енгізу үшін қажетті өзге де мәліметтерді және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелерін осы Заңда көзделген тәртіппен ұсынуға;

2) сақтандыру сыйлықақыларын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;

3) көлік оқиғасының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан бастап дереу, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыны жазбаша нысанда (қолма-қол не электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы) хабардар етуге міндетті. Сақтанушы мен сақтандырылушки сол бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда, онда сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар

беру жөніндегі міндет сақтандырылушыға жүктеледі. Егер сақтанушының (сақтандырылушының) дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжаттармен растауға тиіс;

4) көлік оқиғасын жасаған кезде жәбірленушілерге және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлеріне көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушының атауын хабарлауға;

5) көлік оқиғасы болған кезде ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларға ақылға қонымды және қолдан келетін шараларды, оның ішінде зардап шеккен адамдардың мүлкін құтқару және оларға көмек көрсету шараларын қолдануға;

6) көлік оқиғасы және зардап шеккен адамдар туралы тиісті органдар мен ұйымдарға олардың құзыретіне қарай (жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелеріне, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, авариялық қызметтерге) хабарлауға;

6-1) көлік оқиғасы жасалған кезде кідіріссіз, бірақ уәкілетті лауазымды тұлғаның жазбаша жолдамасын алған кезден бастап екі сағаттан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және мас күйін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуге;

7) алып тасталды – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға кері талап қою құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайши келмейтін өзге де міндеттері көзделуі мүмкін.

3. Сақтанушының осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 4), 5), 6) және 6-1) тармақшаларында көрсетілген міндеттері көлік оқиғасы болған кезде көлік құралын тікелей жүргізген адамға жүктеледі.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.02.20 № 128 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.07.15 № 338-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 12.07.2022 №

138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтандыруши:

1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушыдан, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, осы Заңға сәйкес осындай шартқа енгізу үшін қажетті мәліметтер ұсынуды талап етуге;

2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыretін негізге ала отырып, сақтандыру жағдайының басталу (көлік оқиғасының жасалу) фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

3) көлік оқиғасының себептерін және өзге де мән-жайларын анықтауға;

4) Алынып тасталды - ҚР 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

5) осы Заңның 28-бабында көзделген жағдайларда, зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға, кері талап қоюға;

6) осы Заңның 29-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан, сондай-ақ келтірілген зиянды өтеуден осы Заңның 26-1-бабында көзделген тәртіппен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

2. Сақтандыруши:

1) сақтанушыны (сақтандырылушыны) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен, оның ішінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын тараптардың құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;

2) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеуге;

3) Алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

4) осы Заңның 20-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде аталған адамдарға сақтандыру сыйлықақыларын төлеу жөнінде жеңілдік жасауға;

5) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданысы кезеңінде жасалған көлік оқиғасы туралы хабардар етілген кезінде оны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереккөрді дереккөрді жасауға; және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;

5-1) жәбірленушінің немесе жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқығы бар тұлғаның жазбаша өтінішін алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде, сақтандыру жағдайын растайтын құжат болған кезде көлік оқиғасына кінәлі болып табылатын сақтанушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасуы туралы мәліметтерді (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірі, нөмірі және жасалған күні) жазбаша ұсынуға;

6) осы Заңда белгіленген мерзімдерде және тәртіппен, сақтанушының (сақтандырылушиның) не жәбірленушінің (пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініші бойынша мүлікке келтірілген зиянның мөлшеріне есептеу жүргізуге және зиянның мөлшері туралы есепті пайда алушыға танысу үшін ұсынуға;

6-1) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандыруши өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;

7) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде жасауға;

7-1) осы Заңның 26-1-бабында көзделген тәртіппен келтірілген зиянды өтеу туралы талаппен жазбаша нысанда өтініш жасалған кезде, осы Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде келтірілген зиянның өтемін жүргізуге;

7-2) сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындаған дауды қарауға өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;

7-3) сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;

7-4) осы Заңның 9-бабының 5-тармағында көзделген ақпаратты алған кезде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайын реттеу жөнінде шаралар қабылдауға;

8) сақтанушыға (сақтандырылушиға) олардың сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатымен жұмсаған шығыстарын өтеуге;

9) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндettі.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де міндettтері көзделуі мүмкін.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.02.20 № 128 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Жәбірленушінің құқықтары

1. Жәбірленуші:

- 1) болуы салдарынан сақтанушы (сақтандырылуши) өзіне зиян келтірген көлік оқиғасы туралы сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтанушының (сақтандырылушиның) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды сақтандырушыға табыс етуге;
- 3) алып тасталды - ҚР 10.01.2018 № 134-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі)

3-1) кез келген медициналық мекеменің қызметін пайдалануға;

4) сақтандырушы жүргізген, келтірілген зиян мөлшерлерін айқындаудың және сақтандыру төлемінің нәтижелерімен танысуға;

4-1) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілуіне кінәлі тұлғаның сақтандырушысына осы Заңың 17-бабының 5-1) тармақшасында көзделген тәртіппен осы тұлғаның көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартының бар екендігі туралы мәліметтерді (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірі, нөмірі және жасалған күні) растау туралы жазбаша өтініш жасауға;

4-2) сақтандыру жағдайын растайтын құжат болған кезде дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үйымға жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілуіне кінәлі тұлғаның көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартының бар не жоқ екендігі туралы мәліметтерді (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірі, нөмірі және жасалған күні) ұсыну туралы жазбаша өтініш жасауға;

5) осы Заңың 26-1-бабында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін алуға, сондай-ақ келтірілген зиянды өтетуге;

5-1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындастын мәселелерді реттеу үшін осы Заңың 29-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

6) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы не сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;

7) көлік құралының иесіне келтірілген зиянды келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асатын мөлшерде өтеуі туралы талап қоюға құқылы.

2. Осы Занда көзделген жағдайларда жәбірленушінің осы баптың 1-тармағында белгіленген құқықтары пайда алушы ретінде әрекет жасаушы өзге тұлғаларға өтеді.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

18-1-бап. Тәуелсіз сарапшыны аккредиттеу ережесі

Ескерту. 18-1-бап алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

4-тарау. Сақтандыру сыйлықақылары

19-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасқан кезде төленуге тиіс жылдық сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін базалық сақтандыру сыйлықақысы пайдаланылады, оған көлік құралының тіркелген жеріне, көлік құралының түріне, сақтанушының (сақтандырылушының) жасына және жүргізу стажына, көлік құралының пайдаланылу мерзіміне, азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған адамдардың кінәсінен сақтандыру жағдайларының болуына немесе болмауына қарай ("бонус-малус" жүйесі) осы баптың 3-10-тармақтарында белгіленген коэффициенттер қолданылады.

Осы Занда көзделмеген өзге негіздер бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтуға немесе ұлғайтуға жол берілмейді.

2. Базалық сақтандыру сыйлықақысы 1,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді.

3. Көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

Көлік құралын тіркеу аумағы
бойынша коэффициент мөлшері (

P/c №	Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы	астана, респубикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін)
1	2	3
1.	Алматы облысы	1,78
2.	Түркістан облысы	1,01
3.	Шығыс Қазақстан облысы	1,96
4.	Қостанай облысы	1,95
5.	Қарағанды облысы	1,39
6.	Солтүстік Қазақстан облысы	1,33
7.	Ақмола облысы	1,32
8.	Павлодар облысы	1,63
9.	Жамбыл облысы	1,00
10.	Ақтөбе облысы	1,35
11.	Батыс Қазақстан облысы	1,17
12.	Қызылорда облысы	1,09
13.	Атырау облысы	2,69
14.	Манғыстау облысы	1,15
15.	Алматы	2,96
16.	Астана	2,2
17	Шымкент	1,01

3-1. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген, көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттерге сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін түзету коэффициенттері қосымша қолданылады.

Түзету коэффициенттерін есептеуді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен, көлік құралын тіркеу аумағы бойынша шығындылық көрсеткіштерін, таргеттелетін шығындылық пен анықтық факторын ескере отырып, дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым жүргізеді.

Таргеттелетін шығындылықты, анықтық факторын және түзету коэффициенттерін уәкілетті орган бекітеді және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мәрзімдерде уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланады.

Таргеттелетін шығындылықтың мәні алпыс пайыздан сексен пайызға дейінгі диапазонда болуға тиіс.

Сақтандырушы түзету коэффициенттерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен, осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес есептелген мәндердің он пайызынан асырмай ұлғайтуға немесе азайтуға құқылы.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген облыстардағы өзге де қалалар мен елді мекендер үшін жылдық сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін 0,8 мөлшеріндегі түзету коэффициенті қосымша пайдаланылады.

5. Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, тіркеу аумағы бойынша 4,4 мөлшеріндегі коэффициент қолданылады.

Осы Заңың 5-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларға көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер қолданылмайды.

6. Көлік құралының түрі бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

Рет №	Көлік құралының түрі	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жіктеу	Көлік құралының түрі бойынша коэффициент мөлшері
1	2	3	4
1	Жеңіл автомобилдер	"B" - толық массасы 3500 кг аспайтын және жүргізушінің отыратын орнынан басқа отыратын орындарының саны 8-ден аспайтын автомобилдер	2,09
2	Жолаушылар орны қоса алғанда 16-ға дейінгі автобустар	"Д" - жолаушыларды тасымалдауга арналған және жүргізуші отыратын орыннан басқа, 8-ден астам отыратын орны бар автомобилдер	3,26
3	Жолаушылар орны 16-дан артық автобустар	"Д" - жолаушыларды тасымалдауга арналған және жүргізуші отыратын орыннан басқа, 8-ден астам отыратын орны бар автомобилдер	3,45
4	Жүк автомобилдері	"С" - толық массасы 3500 кг асатын жүк автомобилдері	3,98
5	Троллейбустар, трамвайлар	Троллейбустар, трамвайлар	2,33
6	Мотокөлік	"А" - мотоциклдер, мотороллерлер және басқа мотокөлік құралдары	1,00
7	Тіркемелер (жартылай тіркемелер)	"Е" - көлік құралдарының "В", "С" немесе "Д" санаттарына жататын сүйреуіштері бар көлік құралдарының құрамдары	1,00

7. Жеке тұлғалар үшін жасына және жүргізу стажына қарай коэффициент мөлшері мынадай мөлшерде белгіленеді:

Рет №	Жасы және жүргізу стажы	Жасына және жүргізу стажына қарай коэффициент мөлшері
1	2	3

1.	25 жасқа толмаған/жүргізу стажы 2 жылдан аз	1,10
2.	25 жасқа толмаған/жүргізу стажы 2 жылдан астам	1,05
3.	25 жас және одан үлкен/жүргізу стажы 2 жылдан аз	1,05
4.	25 жас және одан үлкен/жүргізу стажы 2 жылдан астам	1,00

8. Занды тұлғалар үшін осы баптың 7-тармағында көзделген коэффициент 1,2 мөлшерінде белгіленеді.

9. Көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

Рет №	Көлік құралының пайдаланылу мерзімі	Көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициент мөлшері
1	2	3
1.	7 жылға дейін, қоса алғанда	1,00
2.	7 жылдан жоғары	1,10

10. "Бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

11. Алып тасталды – **ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)** Заңымен.

12. Алып тасталды – **ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)** Заңымен.

13. Алып тасталды – **ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)** Заңымен.

14. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайларды қоспағанда, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалған кезде, көлік құралының бірлігіне сақтандыру сыйлықақысының мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$CC = JCC * \frac{N}{N_0}, \text{ мұнда:}$$

CC - он екі айдан аз мерзімге жасалған көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (тенгемен);

ЖСС – жылдық сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (тенгемен);

N - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу мерзімі (күнмен);

N_0 – 365 күн (кібісе жылды 366 күн).

Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, көлік құралының бірлігіне сақтандыру сыйлықақысының мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$CC = ЖСС * K$, мұнда:

CC – Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, он екі айдан аз мерзімге жасалған көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

K – осы баптың 14-1-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзіміне байланысты түзету коэффициенті.

14-1. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келу кезеңіне көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасау кезінде мынадай коэффициенттер белгіленеді:

P/c №	Шет мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағында уақытша пайдаланылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндettі сақтандыруды жүзеге асыру кезіндегі сақтандыру мерзімі	Коэффициент
1	15 күнге дейін (коса алғанда)	0,2
2	16 күннен 1 айға дейін	0,3
3	2 ай	0,4
4	3 ай	0,5
5	4 ай	0,6
6	5 ай	0,65
7	6 ай	0,7
8	7 ай	0,8
9	8 ай	0,9
10	9 ай	0,95
11	10 ай және одан да көп	1

15. Кешенді сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы көлік құралының бір бірлігі үшін төленеді, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралдары үшін белгіленген сақтандыру сыйлықақылары мөлшерінің ең көп шамасына тең болып белгіленеді.

16. Стандартты шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы әр сақтандырылуши бойынша есептеледі және әр сақтандырылуши бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақылары мөлшерінің ең көп шамасына тең мөлшерде сақтанушының төлеуіне жатады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап

қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін азайту

Көлік құралдарының иелері – Ұлы Отан соғысына қатысушылар және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлері, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлер стандартты шарт жасасқан кезде осы Заңның 19-бабына сәйкес есептелген, төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының елу пайызы мөлшерінде сақтандыру сыйлықақыларын төлейді.

Егер көлік құралын осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған адамдар санатына жатпайтын басқа иелер де пайдаланатын болса, онда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру мұндай жеңілдік берілмей жүзеге асырылады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

20-1-бап. Сақтандырушы көрсететін қосымша қызметтер

Сақтандырушы сақтанушының келісімі болған кезде сақтанушыға (сақтандырылушиға) зақымдалған көлік құралын жөндеу уақытында көлік құралын беруді, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинау бойынша қызмет көрсетуді, сақтанушыға көмек көрсету үшін сақтандырушы өкілінің (авария комиссарының) көлік оқиғасы орнына баруын қоса алғанда, көлік оқиғасы жағдайында көмек көрсетумен байланысты қосымша ақылы қызмет көрсетуге құқылы.

Ескерту. 20-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

21-бап. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу тәртібі

1. Егер көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен төлейді.

2. Сақтандырушы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын мерзімін ұзартып төлеуді көздеуге құқылы. Бұл ретте сақтандырушы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартының барлық қолданылу мерзімі ішінде сақтанушы алдында жауапты болады. Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі сақтандырушы үшін көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылмайды.

2-1. Сақтандыруши сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

3. Кезекті сақтандыру жарнасы уақтылы төленбеген кезде сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. Сақтандыру жағдайын, келтірілген зиянның және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандырылған көлік құралын пайдалануы нәтижесінде жәбірленуші деп танылған адамдардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырылушиның азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.

2. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері тиісті үйымдар берген құжаттар негізінде осы Заңға сәйкес айқындалады.

3. Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындауды сақтандыруши не ол тартқан бағалаушы қызмет көрсету туралы шарттың негізінде лицензиялық мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды қолдана отырып жүзеге асырады.

Мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар және мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Сақтандыруши және сақтанушы (сақтандырылуши, пайда алушы) келтірілген зиян мөлшерін айқындау туралы өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бүлінген мүлікті қарап-тексерудің жүргізілетін күнін, уақытын және орнын келіседі. Бұл ретте бүлінген мүлікті қарап-тексеру көрсетілген өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізілуге тиіс.

Егер бүлінген мүлікті қарап-тексеру сақтанушының (сақтандырылушиның, пайда алушының) кінесінен немесе тараптардың еркінен тыс мән-жайларға байланысты жүргізілмеген жағдайда, сақтанушы (сақтандырылуши, пайда алушы) сақтандырушыға келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтінішпен қайтадан жүгінеді.

Мүлікке келтірілген зиян мөлшерін айқындауды сақтандыруши бүлінген мүлік қарап-тексерілген және қарап-тексеру актісі жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырады.

3-1. Егер сақтандыруши келтірілген зиянның мөлшерін осы баптың 3-тармағының бесінші бөлігінде белгіленген мерзімде айқындаамаса, онда сақтанушы (сақтандырылуши) не жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері

бағалаушының көрсетілетін қызметтерін пайдалануы және мұлікті қалпына келтіруді (кәдеге жаратуды) бастауы мүмкін. Бағалаушының көрсетілетін қызметтері үшін сақтанушы (сақтандырылуши) не жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері шеккен шығындар, сақтандыру төлеміне қарамастан, сақтандырушының өтеуіне жатады.

Бағалаушы көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындауды уәкілетті органның осы баптың З-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайда, бағалаушы жүргізген, көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау нәтижесін сақтандырушы жәбірленушіге (пайда алушыға) немесе оның өкіліне сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қабылдайды.

4. Сақтандырушы осы бапқа сәйкес айқындалған зиян мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

5. Сақтандырушы пайда алушыға тиесілі сақтандыру төлемінен зиян мөлшерін айқындауға байланысты меншікті шығыстарды ұстап қалуға құқылы емес.

6. Сақтандыру жағдайын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді – ҚР 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

22-1-бап. Өміріне, денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілер болмаған жағдайда көлік оқиғасы басталған кездегі тұлғалардың іс-әрекеттері

Көлік оқиғасы жасалған кезде өміріне, денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілер болмаған жағдайда, оның қатысуышылары мүмкіндік болған кезде орын алған көлік оқиғасы туралы сақтандырушыларды хабардар етуге тиіс.

Сақтандырушылар өз өкілдерін көлік оқиғасы болған орынға жіберуге құқылы.

Көлік оқиғасына қатысуышылар болған мән-жайды бағалауға және болжамды мөлшері елу айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс мұлікке келтірілген зиянның мөлшеріне өзара келісе отырып, оқиғаның схемасын өз бетінше жасауға және оған қол қойып, оны ресімдеу үшін жақын постқа немесе ішкі істер органдарының бөлімшелеріне баруға құқылы.

Көлік оқиғасының схемасын жасау тәртібі мен үлгі нысандары уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Ескерту. 22-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

22-2-бап. Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі

1. Көлік оқиғасы жасалған кезде өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілер болмаған жағдайда, оған қатысуышылар бір мезгілде мынадай талаптар сақталған кезде:

1) көлік оқиғасы екі көлік құралының (тіркемелері (жартылай тіркемелері) бар көлік құралдарын қоса алғанда) өзара жанасуы (соқтығысуы) салдарынан болса, осы көлік оқиғасы жасалған кезде иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі осы Занфа сәйкес сақтандырылған болса;

2) көлік оқиғасы салдарынан осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген көлік құралдарына ғана зиян келтірілсе;

3) көлік оқиғасы салдарынан зиян келтіру мән-жайлары, көлік құралдарының көрінетін бүлінуінің сипаты мен тізбесі, көлік оқиғасына қатысуышылардың бірінің кінәсі көлік оқиғасына қатысуышылардың келіспеушілігін тузызбаса және декларацияда тіркелсе;

4) көлік оқиғасына қатысуышылар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, әрбір жеке сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасының мөлшері шегінде сақтандыру төлемінің мөлшеріне келіссе;

5) көлік оқиғасы туралы құжаттар мен мәліметтерді ресімдеуді көлік оқиғасына қатысуышылар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен, сақтандыру компаниясының ақпараттық жүйесін және дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үйымның ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, декларация жасау арқылы жүзеге асырса, сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі туралы декларация (бұдан әрі – декларация) жасау арқылы көлік оқиғасын оңайлатылған ресімдеуді өздері келіскең шарттармен жүзеге асыруға құқылы

2. Көлік оқиғасына қатысуышылар дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үйимнан сақтандырушиның декларацияны қабылдағаны туралы хабарламаны өздері алғанға дейін көлік оқиғасы болған жерден кетпеуге тиіс.

Егер көлік оқиғасына қатысуышылар декларацияға қоса берген фотоматериалдар көлік оқиғасына қатысқан көлік құралының маркасын, моделін, сәйкестендіру нөмірін, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін, сондай-ақ зиян келтіру мән-жайларын, көлік оқиғасы салдарынан көлік құралдарының көрінетін бүлінуінің сипаты мен тізбесін айқындауға мүмкіндік бермеген жағдайда, сақтандыруши көлік оқиғасына

қатысушылардан сақтандыру компаниясының ақпараттық жүйесін және дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесін пайдалана отырып не басқа да қолжетімді тәсілмен фотоматериалдарды қайта жіберуді сұратуға құқылы.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар сақтандырушының декларацияны қабылдаудан бас тартуына негіз болып табылмайды.

3. Көлік оқиғасына қатысушылардың бірі сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібін ресімдеумен келіспеген жағдайда сақтандыру төлемі осы Заңның 25-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Сақтандыру жағдайын реттеудің тәртібі мен оңайлатылған тәртібінің шарттары, декларацияның нысаны мен оған қоса берілетін құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

5. Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі сақтандыру жағдайы бойынша көлік оқиғасына қатысушылар арасында келіспеушіліктер болмаған кезде осы Заңның 26-1-бабында айқындалған тәртіппен тікелей реттеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, бұл туралы декларацияда тиісті белгі жасалады.

6. Сақтандыруши сақтандыру жағдайының фактісі мен мән-жайларын анықтау және зиян мөлшерін есептеу үшін көлік оқиғасына қатысушылардың көлік құралдарын қарап-тексеруді жүргізуге құқылы.

Көлік оқиғасына қатысушылар сақтандырушының талап етуі бойынша қарап-тексеру жүргізу үшін көлік құралдарын беруге және сақтандыру төлемін жүзеге асырғанға немесе сақтандырушы уәжді бас тартуды жібергенге дейін бүлінген мүлікті көлік оқиғасынан кейінгі күйінде сақтауға міндетті.

Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі кезінде көлік құралдарын сақтандырушының қарап-тексеру тәртібі, шарттары, мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

7. Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі кезінде сақтандыру төлемін сақтандырушы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырады.

Осы бапқа сәйкес сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемесі тиісінше орындалған болып есептеледі және пайда алушы сақтандырушыға сақтандыру жағдайын оңайлатылған тәртіппен реттеу кезінде әрбір жекелеген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасының шекті мөлшерінен асатын бөлігінде зиянды өтеу туралы қосымша талаптар қоюға құқылы емес.

8. Сақтандырушының осы Заңда және (немесе) Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқығы бар.

9. Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібіне сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушының осы Заңың 28-бабына сәйкес төленген сома шегінде сақтанушыға (сақтандырылушыға) кері талап қоюға құқығы бар.

10. Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібінің рәсімімен және салдарымен келіспеген жағдайда сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) дауды осы Заңың 29-1-бабына сәйкес реттеуге құқылы.

Ескерту. 22-2-баппен толықтырылды – КР 12.07.2022 № 138-VII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-бап. Келтірілген зиянның мөлшерін айқындаудың ерекше шарттары

Ескерту. 23-бап алынып тасталды - КР 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

24-бап. Сақтандырушының жауаптылық шектері

Ескерту. 24-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - КР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Бір сақтандыру жағдайы (сақтандыру сомасы) бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі мынаны құрайды (айлық есептік көрсеткішпен):

1) әрбір жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін және ол мыналарға алып келсе:

қаза табуға – 2 000;

мүгедектіктің:

бірінші тобы белгіленсе – 1600;

екінші тобы белгіленсе – 1200;

үшінші тобы белгіленсе – 500;

мүгедектігі бар балаға – 1 000;

мертігуге, жарақаттануға немесе денсаулықтың мүгедектік белгіленбеген өзге де зақымдануына – амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге іс жүзіндегі шығыстар мөлшерінде, бірақ 300-ден аспауға;

2) бір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 600-ден көп емес;

3) бір мезгілде екі және одан да көп жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ әрбір жәбірленушіге 600-ден көп емес. Бұл ретте сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері барлық жәбірленушіге 2000-нан аспауға тиіс. Зиян мөлшері сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен асқан жағдайда сақтандыру төлемі әрбір жәбірленушіге оның мүлкіне келтірілген зиянға мөлшерлес дәрежеде жүзеге асырылады.

2. Қаза болуына немесе мүгедектік белгіленуіне әкеп соққан, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі осы баптың 1-тармағында белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшерінде жүзеге асырылады.

3. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес белгіленген сақтандыру төлемі жүзеге асырылған күнгі айлық есептік көрсеткіш пайдаланылады.

4. Сақтанушының (сақтандырылушкиның) залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, егер тиісті шаралар тіпті сәтсіз болса да сақтандырушының өтеуіне жатады.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген жауапкершіліктің шекті көлемінен аспауға тиіс. Егер шығыстар сақтанушының сақтандырушы нұсқауларын орындауды нәтижесінде туындаған болса, олар жауапкершіліктің шекті көлеміне қатыссыз, толық мөлшерде өтеледі.

Көрсетілген шығыстарды сақтандырушы тікелей шеккен тұлғаға өтейді.

5. Келтірілген зиянды толығымен өтеу үшін жауапкершіліктің шекті көлемі жетпеген кезде сақтанушы жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді.

6. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда сақтандырушы жәбірленушіні жерлеген адамға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеу шығыстарын өтейді.

Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.02.20 № 128 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

25-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы шарттары

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылушы) немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға, пайда алушының тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік деректемелерді (қажет болған кезде), сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, сақтандыру төлемін қолма-қол ақшамен не банктік шотқа аудару арқылы алу тәртібін көрсете отырып, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қояды.

Отініш беруші сақтандырушының талап етуі бойынша сақтандырушы қол жеткізе алатын, мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат;

3) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына зиян келтіру фактісі болған жағдайда жәбірленушінің еңбекке уақытша қабілетсіздігінің мерзімі туралы денсаулық сақтау үйымдары анықтамасының немесе мүгедектік белгіленген жағдайда мамандандырылған мекемелердің жәбірленушіге мүгедектік белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;

4) жәбірленушінің қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе хабарлама;

4-1) пайда алушының зиянды өтеттіру құқығын растайтын құжат (көшірмесі);

4-2) осы Заңың 22-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда, зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш;

5) алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6) пайда алушының жеке басы куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе занды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;

7) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының (сақтандырылуышының) шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар, олар болған кезде;

8) алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Сақтандырушының сақтанушыдан (сақтандырылуышыдан) не жәбірленушіден қосымша құжаттарды және (немесе) ақпараттық жүйелер мен сервистер арқылы қолжетімді құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, анықтаманы екі данада жасауға міндettі.

Сақтанушы (сақтандырылуши, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы өтінішін электрондық тәсілмен жөнелткен жағдайда, сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсынуы мүмкін.

Өтініш беруші сақтандырушыға өзі келіп өтініш жасаған кезде анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгі қойылған екінші данасы сақтандырушыда қалады.

4. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда - жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес зиянды өтеттіруге құқылы адам), сондай-ақ сақтанушы (сақтандырылуши) немесе жәбірленушіге (зиянды өтеттіруге құқылы адамға) келтірілген зиянды осы Заңда белгіленген сақтандырушы

жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеуші және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға пайда алушы болып табылады.

Мұлікке зиян келтірілген жағдайда осы мүліктің меншік иесі, ал ол қайтыс болған жағдайда зиянды өтеттіруге құқығы бар адамдар жәбірленуші болып танылады.

5. Жәбірленушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариат қуәландырған сенімхаты бойынша сақтандыру төлемі тікелей оның денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру жөнінде қызмет көрсеткен (көрсетуші) тұлғага жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі оған (зиянды өтеттіруге құқылы адамдарға) басқа сақтандыру шарттары бойынша тиесілі сомаға қатыссыз жүзеге асырылады.

7. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде сақтандырушиның пайда алушыдан оның сақтандырушиға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдаудың талап етуге құқығы жоқ.

8. Сақтандыруши осы мүліктің сақтандыру жағдайы басталған күнгі нарықтық құны мөлшеріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда, оның мүлікті және мүліктің қалдықтарын алуға құқығы бар.

9. Сақтандыруши жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі болмаған кезде, сақтандыру төлемін ішкі істер органдары берген оқиғаның схемасы бар жол жүрісі қағидаларының бұзылғаны туралы хаттама негізінде жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 25-бапқа өзгертулер енгізілді - ҚР 2006.02.20 № 128 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

26-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі

1. Сақтандыруши сақтандыру төлемін осы Заңың 25-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде төлейді.

2. Алынып тасталды - 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

2-1. Бірнеше жәбірленушінің мүлкіне зиян келтірілген жағдайда, сақтандыруши барлық жәбірленушілердің құжаттарын алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде, бірақ басқа сақтандырылғандардың құжаттарды беруіне қарамастан, сақтандырушиға

бірінші болып құжаттарын берген жәбірленушіден құжаттар алған күннен бастап құнтізбелік 15 күннен кешіктірмей сақтандыру төлемін бастауға міндettі.

3. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп сокқан оқиғаның нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы нашарлап кетсе (мүгедектік не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсө) не қайтыс болса, онда сақтандырушы жәбірленушіден (пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде, сақтандыру төлемінің сомасына осы Заңда белгіленген тәртіппен және мөлшерде қайта есептеу жүргізуге міндettі.

Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

4. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндettі.

Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.02.20 № 128 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен. 26-1-бап. Тікелей реттеу

1. Көлік оқиғасы кезінде жәбірленуші немесе жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқығы бар адам келтірілген зиянның өтемін алу үшін, кінәсінен көлік оқиғасы болған адамды көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты болған жағдайда, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша жәбірленушінің жауапкершілігін сақтандырған сақтандырушыға жүгінуге құқылы.

2. Сақтандырушы осы Заңның 25-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 4-1), 4-2) және 6) тармақшаларында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде келтірілген зиянды өтейді.

Тікелей реттеу шенберінде сақтандырушы жүзеге асыратын жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мұлкіне келтірілген зиянды өтеу ол үшін жәбірленушімен жасасқан көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты және сақтандыру төлемі бойынша міндеттемелердің орындалуы болып табылмайды.

3. Кінәсінен сақтандыру жағдайы туындаған адамның сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайын реттеген сақтандырушыға нақты төлеген сомасын өтеп береді.

4. Тікелей реттеуді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Ескерту. 26-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

27-бап. Бірнеше тұлға зиян келтірген кездегі сақтандыру төлемі

Тұлғаға иелерінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бар бірнеше көлік құралдары зиян келтірген кезде пайда алушы сақтандыру төлемін олардың әрқайсысынан жеке-жеке алуға құқылы. Әрбір сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Заңда белгіленген жауапкершілік көлемі шегінде және сақтанушы жауапкершілігіне тең мөлшерде жүзеге асырады. Бұл ретте барлық сақтандырушылар жасаған сақтандыру төлемінің жалпы сомасы жәбірленушіге келтірілген нақты зиян мөлшерінен және әрбір сақтандырушы үшін көзделген жауапкершіліктің шекті көлемінен аспауға тиіс.

28-бап. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушы сақтанушыға (сақтандырылушыға) төленген сома шегінде мынадай жағдайларда, егер:

1) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның, қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерін қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері салдарынан басталса;

2) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольге, есірткіге немесе уытқұмарлыққа мас болып жүргізуі салдарынан басталса;

3) көлік құралын жүргізуі адамның көлік оқиғасы жасалған кезде оны жүргізуге құқығы болмаса;

4) соттың істі талқылауы барысында сақтандыру жағдайы көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны, олар туралы сақтанушының (сақтандырылушының) білгені немесе білуге тиісті екені анықталса;

5) көлік құралы оның техникалық сипатына сай емес мақсаттарға пайдаланылса;

6) сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбаса;

7) егер бұл факт зардап шеккен адамға медициналық көмек көрсетуге байланысты болған жағдайды қоспағанда, көлік құралын жүргізуі адам өзі қатысуышы болған көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалса;

8) көлік құралын жүргізген және психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және мас қуйін анықтау үшін медициналық куәландыруға жіберілген тұлға дәлелсіз себептермен мұндаидар куәландырудан өтпесе, кері талап қоюға құқылы.

2. Егер осы баптың 1-тармағында санамаланған жағдайларда келтірілген зиянға осы Заңның 11-бабы 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адам кінәлі

болып табылса, сақтандырушының сақтанушыға (сақтандырылуышыға) кері талап қоюға құқығы бар.

3. Сақтанушының (сақтандырылуышының) сақтандыруши сақтандыру нәтижесінде өтеген шығындар үшін жауапты адамға кері талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде ауысады. Бұл ретте, егер сақтандыру жағдайы автомобиль жолдарының және олардың бойындағы ғимараттардың қанағаттанғысыз күтімінен туындаған жол жағдайы себептерінен болғаны анықталса, көлік құралы иесінің осындай жағдайлар жасауға кінәлі тұлғаға талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ауысады.

Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

29-бап. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

1) қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері;

2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуга құқылы.

2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін сондай-ақ:

1) пайда алушының шығынның тиісті өтемін шығын келтіруге кінәлі тұлғадан алуы;

2) Алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

3) сақтанушының (сақтандырылуышының) көлік құралын жарыстарда, сынақтарда немесе жүргізуді үйретуге арнайы лайықталған орындарда оқыту кезінде пайдалануы;

4) көлік құралын тиеу немесе түсіру кезінде зиян келтіру;

5) жәберленушінің мулкіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, құмістен жасалған бүйымдар, құнды заттар, әсемдік бүйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түрінде зиян келтіру;

6) жәберленушінің осы Заңының 22-бабы 3-тармағы үшінші бөлігінің, 22-2-баптың 6-тармағының екінші бөлігінің талаптарын бұзуы;

7) сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі жөніндегі құжаттар мен мәліметтердің осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болуы мүмкін.

3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер бар кезде сақтандырушы өтінішті және осы Заңның 25-бабының 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде өтініш берушіге бас тарту себептерінің уәжді негіздемесімен және сақтанушының (сақтандырылуышының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламамен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

4. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

5. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік улану әсерінің;
- 2) соғыс қымылдарының;

3) азамат соғысының, түрлі сипаттағы халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің салдарынан басталса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

5-1. Сақтандыру төлемі сақтандыру полисінде көрсетілген зақымдалған көлік құралы үшін төленбейді.

6. Сақтандырушының осы бапта көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.02.20 № 128 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарамен.

29-1-бап. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаитын дау болған кезде сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) жазбаша нысанда:

талаптарын көрсетіп және өзінің талабын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтінішін сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге не

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаитын дауларды реттеу үшін өтінішін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы,

екілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.

2. Сақтандырушы сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды реттеудің одан кейінгі тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап береді.

3. Сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының, жәбірленушінің (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндettі.

Ескерту. 5-тaraу 29-1-баппен толықтырылды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

6-тaraу. Қорытынды ережелер

30-бап. Дауларды қараудың тәртібі

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындаитын даулар Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен қаралады.

30-1-бап. Сақтандыру омбудсманы, оның мәртебесі және оны сайлау

Ескерту. 30-1-бап алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-2-бап. Сақтандыру омбудсманына қойылатын талаптар

Ескерту. 30-2-бап алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-3-бап. Сақтандыру омбудсманының шешім қабылдау тәртібі

Ескерту. 30-3-бап алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-4-бап. Сақтандыру омбудсманының қызметі

Ескерту. 30-4-бап алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-бап. Қазақстан Республикасының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы зандарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы заңдарын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

32-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандырудың халықаралық жүйелері

Трансшекаралық қозғалысқа қатысатын көлік құралдары иелері үшінші тұлғаларға келтірген зиянды өтеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік шекара арқылы көлік құралдары иелерінің жүріп-тұру режимін жеңілдету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандырудың халықаралық жүйелерінде Қазақстан Республикасының қатысуына жол беріледі.

Ескерту. Заң 32-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК